АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

А К И М
ГОРОДА АЛМАТЫ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2019 ж. 13 маусым № 540

Алматы қаласы город Алматы

**Қала шаруашылығын**
**2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіндегі**
**жұмысқа дайындау туралы**

Энергия көздерін, қазандықтарды, электр, жылу, су құбырлары, кәріз және газ желілерін, қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде сенімді және тұрақты қызмет етуге уақтылы дайындау мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі:

1. Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Ә. Сембеков:

1) қала шаруашылығын 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы қезеңіне дайындау жөнінде Штаб (бұдан әрі - Штаб) құрсын;

2) Штабтың энергетика кешенінің, денсаулық сақтау, білім, тұрғын үй қорының нысандарын 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне уақтылы дайындау бойынша тиімді қызметін ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласы аудандарының әкімдері:

1) аудандық Штабтарды ұйымдастырсын және тұрғын үй қоры мен әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық нысандардың 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне уақтылы дайындығын қамтамасыз етсін;

2) үй-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативтерімен (бұдан әрі - ПИК) бірлесіп (келісім бойынша):

үйлердің ішкі инженерлік желілерінде, шатырларда, жертөлелерде, элеватор торaптарында алдын алу жұмыстарын, жөндеу жұмыстарын жүргізудің желілік кестелерін жасасын, жұмыстарды аяқтау және дайындық актісін алуды ескере отырып, тұрғын үйлердегі жылу беру желілерін шаюды және тексеруді 2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде аяқтасын;

жылумен жабдықтау ұйымдары өкілдерінің көп пәтерлі тұрғын үйлердің элеватор торaптарына кедергісіз өтуін қамтамасыз етсін;

жалпы үйлік жылу энергиясын есептеу құралдарын орнату және коммуналдық қызметтер үшін берешегін өтеу бойынша тұрғындармен және ПИК-пен қажетті ұйымдастыру-техникалық, түсіндіру жұмысын жүргізсін;

3) пайдаланушы ұйымдармен бірлесіп, 2018-2019 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде тұрғындардан шағым келіп түскен көп пәтерлі үйлердегі үйішілік жылыту жүйелеріне тексеру жүргізсін және анықталған ақауларды жою жөнінде шаралар қабылдасын;

0024322



Упр. энерго эфф ... (5)

4) Штабқа апталық есепті бере отырып, жасалған желілік кестелерге сәйкес іс-шаралардың орындалуын тұрақты бақылауды қамтамасыз етсін.

3. «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «АлЭС» АҚ) (келісім бойынша), «Алматыжылужайэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - «АЖЖЭ» ЖШС) (келісім бойынша):

1) қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес энергия көздерінің негізгі және қосымша жабдықтарындағы қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізсін;

2) 2019 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде жылумен жабдықтау көздерінде негізгі және резервтік отынның нормативтік қорын қамтамасыз етсін;

3) берешекті өтеу жөнінде шаралар қабылдасын және табиғи газды жеткізіп берушілермен уақтылы өзара есеп айырысуды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

4. «Алматы жылу желілері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «АлЖЖ» ЖШС) (келісім бойынша):

1) 2019 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде жылу желілерінде барлық қажетті регламенттік жұмыстарды жүргізсін, оның ішінде, жылу тасығышта гидравликалық шаю мен жылу шығындарына сынақ жүргізсін (гидравликалық сынақтардан кейінгі зақымдануларды 2019 жылғы 4 қазанға дейін жою);

2) 2019 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, жылу тасығышта айналымның болуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізсін;

3) ұйғарымдар бере отырып, әрбір көп пәтерлі тұрғын үйдің жылуды пайдаланатын қондырғыларына тексеру жүргізсін;

4) «АлЭС» АҚ-мен жылу энергиясы мен жылу тасығыш үшін берешекті өтеу жөнінде шаралар қабылдасын және өзара есеп айырысуды уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

5. «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Алматы өндірістік филиалына (келісім бойынша):

1) алдағы 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде қаланы үздіксіз газбен жабдықтау үшін қажетті көлемде табиғи газды жеткізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

2) алдағы 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде «АлЭС» АҚ және «АЖЖЭ» ЖШС жылумен жабдықтау көздерін қажетті көлемде газбен жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

3) 2019 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде газ шаруашылығы нысандарында қажетті жөндеу жұмыстарын өткізу;

4) 2019 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде қайта салынған газ желілерін тарату және магистралды газ құбырларының ойымын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

5) қаланың тұрғын үйлерінде газ қондырғыларын монтаждау кезінде газ талдағыштарды орнатуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу және одан әрі қызмет көрсету.

6. «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «АЖК» АҚ) (келісім бойынша):

1) 2019 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде 220-110-10-6 кВ қосалқы станцияларының, тарату пункттерінің, трансформаторлық қосалқы станциялардың жабдықтарына, 220-110-10-6-0,4 кВ әуе және кабель желілеріне жоспарлы жөндеу жүргізу;

2) жабдықтарға, ғимараттар мен құрылыстарға жоспарлы жөндеу жүргізу үшін материалдар мен жабдықтарды уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

3) өндірістік департаменттерді 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне жұмысқа арналған арнаулы техникалармен, тетіктермен, қосалқы бөлшектермен және материалдармен жабдықтау;

4) төтенше жағдайлар үшін трансформаторлардың, жабдықтардың және материалдардың апаттық қорын жасау;

5) 2019 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде Алматы қаласының тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу;

6) заңмен белгіленген тәртіпте қаланың коммуналдық меншігіндегі барлық электр желілерін тиісті пайдалануды және қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылсын.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «АЖК» АҚ (келісім бойынша), «АлЭС» АҚ (келісім бойынша), «АлЖЖ» ЖШС (келісім бойынша) және «АЖЖЭ» ЖШС (келісім бойынша) 2019 жылғы 10 шілдеге дейінгі мерзімде жөндеу жұмыстарының кестелерін уақтылы әзірлесін, бекіту және ұсыну жөнінде шаралар қабылдасын.

8. Меншік түріне қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде:

1) ведомстволық қазандықтарда, жылу және басқа да инженерлік желілерде, сорғы станцияларында барлық қажетті жөндеу және алдын алу жұмыстарын, жылу беру желілерін тексеруді жүзеге асырсын;

2) жылу энергиясын жеткізіп беруші инспекциялар берген ұйғарымдарды толық көлемде орындасын;

3) 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа техникалық дайындық актілерін алсын;

4) инженерлік желілерге қосу бойынша барлық жұмыстарды аяқтасын;

5) негізгі отын ретінде табиғи газды пайдаланған кезде «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Алматы өндірістік филиалына резервтік (балама) отынның бар екенін растайтын актіні бере отырып, автономдық жылумен жабдықтау көздерінің 10 тәуліктен кем емес уақытқа жұмысын қамтамасыз ететін көлемде резервтік (балама) отынның болуын қамтамасыз етсін;

6) 2019 жылғы 10 шілдеге дейінгі мерзімде алдағы 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне тұтыну Жоспарына сәйкес жылу және электр энергиясын күзгі-қысқы кезеңде барынша пайдалануға талдау жасасын және ұсынсын.



9. Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы аудандық коммуналдық пайдалану қызметтері беретін ұйғарымдардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

10. Алматы қаласы Білім басқармасы, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде білім және денсаулық сақтау нысандарының 2019-2020 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындығын қамтамасыз етсін.

11. Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасы коммуналдық қызметтерді көрсетуші кәсіпорындармен-жабдықтаушылармен бірлесіп, инженерлік желілердің «қызыл сызықтарының» сақталуы бойынша тиісті шаралар қабылдасын.

12. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша) пеш және газ қазандықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу туралы жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық жұмыс жүргізсін.

13. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті (келісім бойынша):

1) 2019-2020 жылдардың жылыту маусымындағы жұмысқа электр станцияларын және электр желілерінің дайындығын қамтамсыз етсін;

2) электр энергиясын тұтынатын бірінші және екінші санаттағы пайдалану нысандарында резервтік коректендіру көздерінің бар болуын тексерсін және олардың жұмыс жағдайын қамтамсыз етсін;

3) өз құзыреті шегінде энергия көздерін және энергия беруші ұйымдардың дайындық паспортын уақтылы алуын қамтамасыз етсін және бақылауды жүзеге асырсын.

14. Алматы қаласы әкімі аппаратының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы қаласының құтқару қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қалалық және коммуналдық қызметтерге сөндірілу және төтенше жағдайлар бойынша мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін, жетекшілік ететін органдарға күн сайын ақпарат ұсынып отырсын.

15. Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы осы өкім тармақтарының орындалуына ай сайынғы мониторингті жүзеге асырсын.

16. Осы өкімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Ә. Сембековке жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Б. Байбек**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІ
ХАТТАМА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТІРКЕУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ БӨЛІМІ

...Ы ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

**А К И М**
**ГОРОДА АЛМАТЫ**

**ӘКІМ**

**РАСПОРЯЖЕНИЕ**

13 июня 2019 г. № 540

Алматы қаласы
город Алматы

**О подготовке городского хозяйства**
**к работе в осенне-зимний**
**период 2019-2020 годов**

В целях своевременной подготовки энергоисточников, котельных, электрических, тепловых, водопроводных, канализационных и газовых сетей, городского жилищно-коммунального хозяйства к надежному и стабильному функционированию в осенне-зимний период 2019-2020 годов, акимат города Алматы:

1. Заместителю акима города Алматы Сембекову М.А.:

1) создать Штаб по подготовке городского хозяйства к осенне-зимнему периоду 2019-2020 годов (далее - Штаб);

2) организовать и обеспечить эффективную деятельность Штаба по своевременной подготовке объектов энергетического комплекса, здравоохранения, образования, жилищного фонда к осенне-зимнему периоду 2019-2020 годов.

2. Акимам районов города Алматы:

1) организовать районные Штабы и обеспечить своевременную готовность жилищного фонда и объектов социального, культурного и бытового назначения к осенне-зимнему периоду 2019-2020 годов;

2) совместно с кооперативами собственников помещений (квартир) (далее - КСК) (по согласованию):

составить сетевые графики проведения ремонтных работ, профилактических работ на внутридомовых инженерных сетях, кровли крыш, подвалов, элеваторных узлов, промывки и опрессовки систем отопления в жилых домах, с учетом завершения работ и получения актов готовности, в срок до 1 сентября 2019 года;

обеспечить беспрепятственный допуск к элеваторным узлам многоквартирных жилых домов представителей теплоснабжающих организаций;

провести необходимую организационно-техническую, разъяснительную работу с населением и КСК по установке общедомовых приборов учета тепловой энергии и погашению задолженности за коммунальные услуги;

3) провести совместно с эксплуатирующими организациями ревизию внутридомовых отопительных систем в многоквартирных домах, где по

0024323



итогам прошедшего осенне-зимнего периода 2018-2019 годов поступали жалобы от населения, и принять меры по устранению выявленных нарушений;

4) обеспечить постоянный контроль за выполнением мероприятий, согласно составленным сетевым графикам с предоставлением еженедельного отчета Штабу.

3. Акционерному обществу «Алматинские электрические станции» (далее АО «АлЭС») (по согласованию), товариществу с ограниченной ответственностью «Алматытеплокоммунэнерго» (далее - ТОО «АТКЭ») (по согласованию):

1) провести необходимые ремонтные работы основного и вспомогательного оборудования энергоисточников в соответствии с требованиями действующих нормативно-технических документов;

2) обеспечить нормативный запас основного и резервного топлива на источниках теплоснабжения, в срок до 1 октября 2019 года;

3) принять меры по погашению задолженности и обеспечить своевременное осуществление взаиморасчетов с поставщиком за природный газ.

4. Товариществу с ограниченной ответственностью «Алматинские тепловые сети» (далее – ТОО «АлТС») (по согласованию):

1) произвести все необходимые регламентные работы на тепловых сетях, в том числе гидравлические опрессовки и испытания на тепловые потери, в срок до 20 сентября 2019 года (устранение повреждений после гидравлических испытаний до 4 октября 2019 года);

2) провести работы по обеспечению циркуляции теплоносителя с соблюдением правил технической эксплуатации и техники безопасности, в срок до 1 октября 2019 года;

3) провести обследование теплоиспользующих установок каждого многоквартирного жилого дома с выдачей предписания;

4) принять меры по погашению задолженности и обеспечить своевременное осуществление взаиморасчетов с АО «АлЭС» за тепловую энергию и теплоноситель.

5. Алматинскому производственному филиалу акционерного общества «КазТрансГаз Аймақ» (по согласованию) рекомендовать:

1) провести работы по поставке природного газа в необходимых объемах для бесперебойного газоснабжения города в предстоящем осенне-зимнем периоде 2019-2020 годов;

2) принять меры по обеспечению, в предстоящий осенне-зимний период 2019-2020 годов, газоснабжением в необходимом объеме источников теплоснабжения АО «АлЭС» и ТОО «АТКЭ»;

3) провести необходимые ремонтные работы на объектах газового хозяйства, в срок до 1 октября 2019 года;

4) провести работы по обеспечению врезки вновь построенных газовых сетей к распределительным и магистральным газопроводам в срок до 1 октября 2019 года;

5) провести работы по обеспечению установки газоанализаторов, при монтаже газовых установок в жилых домах города с дальнейшим обслуживанием.

6. Акционерному обществу «Алатау Жарық Компаниясы» (далее – АО «АЖК») (по согласованию) рекомендовать:

1) произвести плановый ремонт оборудования подстанций 220-110-10-6кВ, распределительных пунктов, трансформаторных подстанций, воздушных и кабельных линий 220-110-10-6-0,4 кВ, в срок до 15 октября 2019 года;

2) провести работы по обеспечению своевременной поставки материалов и оборудования для проведения планового ремонта оборудования, зданий и сооружений;

3) укомплектовать производственные департаменты спецтехникой, механизмами, запасными частями и материалами для работы в осенне-зимний период 2019-2020 годов;

4) создать аварийный запас трансформаторов, оборудования и материалов на случаи чрезвычайных ситуаций;

5) разработать комплекс мероприятий по повышению надежности электроснабжения потребителей города Алматы в срок до 10 мая 2019 года;

6) провести работы по обеспечению надлежащей эксплуатации и обслуживанию всех электрических сетей, находящихся в коммунальной собственности города в установленном законом порядке.

7. Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Алматы Су», АО «АЖК» (по согласованию), АО «АлЭС» (по согласованию), ТОО «АлТС» (по согласованию) и ТОО «АТКЭ» (по согласованию) принять меры по своевременной разработке, утверждению и представлению графиков ремонтных работ в срок до 10 июля 2019 года.

8. Руководителям организаций и предприятий, независимо от форм собственности (по согласованию), в срок до 1 сентября 2019 года:

1) осуществить все необходимые ремонтные и профилактические работы на ведомственных котельных, тепловых и других инженерных сетях, насосных станциях, регулировку систем теплопотребления;

2) выполнить в полном объеме предписания, выданные инспекциями поставщиков тепловой энергии;

3) получить акты технической готовности к работе в осенне-зимний период 2019-2020 годов;

4) завершить все работы по подключению к инженерным сетям;

5) при использовании природного газа, в качестве основного топлива, обеспечить наличие резервного (альтернативного) топлива в объеме, обеспечивающем работу автономных источников теплоснабжения не менее 10 суток, с предоставлением акта о наличии резервного (альтернативного) топлива в Алматинский производственный филиал акционерного общества «КазТрансГаз Аймақ»;

6) определить и предоставить анализ прохождения осенне-зимнего максимума потребления тепловой и электрической энергии согласно Плану



потребления, на предстоящий осенне-зимний период 2019-2020 годов в срок до 10 июля 2019 года.

9. Управлению жилищной политики города Алматы обеспечить контроль выполнения предписаний, выдаваемых эксплуатационными районными коммунальными службами.

10. Управлению образования города Алматы, Управлению общественного здоровья города Алматы обеспечить готовность объектов образования и здравоохранения к работе в осенне-зимний период 2019 - 2020 годов, в срок до 1 сентября 2019 года.

11. Управлению градостроительного контроля города Алматы совместно с предприятиями-поставщиками коммунальных услуг (по согласованию) принять соответствующие меры по соблюдению «красных линий» инженерных сетей.

12. Департаменту по чрезвычайным ситуациям города Алматы (по согласованию) провести информационную работу с физическими и юридическими лицами о профилактике безопасности при эксплуатации печных и газовых котлов.

13. Территориальному департаменту Комитета атомного и энергетического надзора и контроля по городу Алматы (по согласованию):

1) обеспечить подготовку электрических станций и электрических сетей к работе в отопительный сезон 2019-2020 годов;

2) проверить объекты первой и второй категорий потребления электрической энергии на наличие резервных источников питания и обеспечить их работоспособное состояние;

3) осуществлять контроль и обеспечить своевременное получение паспорта готовности энергоисточников и энергопередающих организаций в пределах своей компетенции.

14. Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Служба спасения города Алматы» аппарата акима города Алматы» обеспечить мониторинг городских и коммунальных служб по отключениям и чрезвычайным ситуациям, информацию предоставлять на ежедневной основе курирующим органам.

15. Управлению энергоэффективности и инфраструктурного развития города Алматы осуществлять ежемесячный мониторинг исполнения пунктов настоящего распоряжения.

16. Контроль за исполнением настоящего распоряжения возложить на заместителя акима города Алматы Сембекова М.А.

**Аким города Алматы** **Б. Байбек**

ХАТТАМА
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТІРКЕУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ БӨЛІМІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ